

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**



# Фитнес білезігі DEXP SB10



## **Құрметті сатып алушы!**

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.


## **Құрылғының мақсаты**

Фитнес білезігі әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді бақылауға, сонымен қатар уақыт пен хабарландыруларды көрсетуге арналған.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыға білікті емес манипуляциялар жасау (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Тегін кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырылып қалмау үшін құрылғының корпусын өзіңіз ашпаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
2. Бұл құрылғы радио сигналдарын береді және қабылдайды, ол қажетсіз кедергілерге немесе құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін. Радиосигналдың интерференциясы салдарынан жұмысында ақаулар болған жағдайда осы құрылғы мен қабылдағыш (радио/ТВ) арасындағы қашықтықты арттырыңыз, құрылғыны және қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Егер мәселе шешілмесе, кеңес алу үшін сервистік орталыққа хабарласыңыз.
3. Аккумулятордың жарылу қаупін болдырмас үшін құрылғыны ашық жалынның әсеріне ұшыратпаңыз.

## Құрылғының схемасы



1. Эcran.
2. Сенсорлық батырма.
3. Оптикалық датчик.
4. Зарядтау құрылғысына арналған түйіспелер.

## Құрылғыны зарядтау

Фитнес білезігін бірінші рет қолданар алдында құрылғының толық зарядталғанына көз жеткізіңіз. Егер құрылғы өшірулі күйінде зарядталса, экранда зарядтау белгісі пайда болады. Егер құрылғы қосулы күйінде зарядталса, зарядтау жолағы экранда жыпылықтайды.










## Қолданбаны орнату және құрылғыны түйіндестіру



«Wearfit» қолданбасын жүктеу үшін QR кодын сканерлеңіз. Смартфоныңызда Bluetooth қосыңыз. Осыдан кейін қолданбаны ашып, «Білезікті байланыстыру» батырмасын басыңыз, құрылғылар тізімінен фитнес білезігіңізді таңдаңыз.


## Құрылғы функциялары

Мәзір арасында ауысу сенсорлық батырманы бір рет басу арқылы жүзеге асырылады.

-  Пульс: құрылғы пульсті автоматты түрде өлшейді.
-  Қадамөлшегіш: құрылғы күніне өткен қадамдардың санын тіркейді. Қадамдар жүру кезіндегі қолдың қозғалысына сәйкес өлшенеді.
-  Секундомер: секундомерді қосу үшін батырманы басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Оны іске қосу үшін бір рет басыңыз, кері санақты тоқтату үшін тағы бір рет басыңыз. Секундомерді өшіру үшін батырманы басып, оны 5 секунд ұстап тұрыңыз.
-  Қашықтық: өткен қашықтықты көрсету.
-  Калория: күйдірілген калорияларды көрсету.
-  Негізгі экран: уақытты, құрылғының зарядын, күнді көрсету.
-  Қоңыраулар: «Қоңырау туралы еске салуды» ашыңыз, кіріс қоңырау кезінде білезік дірілдейді.
-  Хабарламалар: «Хабарламаларды» ашыңыз, кіріс хабарламалар кезінде (SMS, QQ, WeChat, Facebook, Twitter) білезік дірілдейді.
-  Ұйқы: құрылғы ұйқының сапасын қадағалап, оны талдайды.



 OTA жаңартулары: функцияларды оңтайландыру және жаңарту.

 Телефонды іздеу: телефонды іздеу режимін қосу үшін батырманы 5 секунд бойы басып, ұстап тұрыңыз. Іздеуді бастау үшін батырманы басып, қоңырау үні немесе діріл дыбысы арқылы смартфонныңыңды табыңыз. Іздеу режимінен шығу үшін батырманы басып, оны 5 секунд ұстап тұрыңыз.

**Ескерту:** смартфон құрылғымен түйіндескеніне және сигнал қабылдау шегінде екеніне көз жеткізіңіз.

 Өшіру: батырманы 5 секунд басып, ұстап тұрыңыз, осыдан кейін «Иә» таңдаңыз.

 Қандағы оттегі және қысым: құрылғы қандағы оттегі мөлшері мен қысымды автоматты түрде

 өлшейді.

### Маңызды

- Құрылғының өлшеу нәтижелері медициналық мақсаттар үшін емес, анықтама үшін ғана арналған. Өзін-өзі диагностикалау және емдеу үшін өлшеу нәтижелеріне сүйенбеңіз.
- Құрылғыны ұзақ уақытқа суға батырмаңыз. Құрылғы будың әсерінен қорғалмаған.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: SB10.
- Экраны: 0,96'' ажыратымдылығы 80x160.
- Bluetooth нұсқасы: 4.0.
- Батарея: литий, 90 мА·сағ.
- Қорғау класы: IP67.
- ОЖ үйлесімділігі: Android және iOS.
- Зарядтау уақыты: 1,5-2 сағ.
- Қадамөлшегіш.
- Ұйқыны бақылау.
- Пульсті өлшеу.
- Хабарландыруларды көрсету.

## Жиынтықтамасы

- Фитнес білезігі.
- Зарядтау кәбілі.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь Томстар Тэктолоджи Ко., Лтд.

2110, 2111, 2112, 2113, 2115, 2116 кеңселер, 21-қабат, Хуафэн халықаралық коммерциялық ғимараты, 4018 үй, Баоань даңғылы, Сисян кіші ауданы, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

**Жазбалар үшін**

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

## Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қою күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Актуальный список сервисных центров по адресу:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>





[www.dexp.club](http://www.dexp.club)